

## **Білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативі туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 ақпан N 300. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1256 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1256 Қаулысымен.*

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) білім беру мемлекеттік ұйымдарының санын Білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативіне жеткізуді; <\*>

2) экономикалық орындылығына және жалпы білім беретін оқу орындары жоқ ауылдық елді мекендерде тұратын балалардың ата-аналарының келісіміне сүйене отырып мектеп-интернаттардан, мектептің жанындағы интернаттардан орын беру немесе жақын орналасқан жалпы білім беретін мектептерге күнделікті тегін тасу жолымен азаматтардың тегін орта білім алуын қамтамасыз етсін.

*Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.20. N 1065 қаулысымен .*

3. "Мемлекеттік білім мекемелерін құру, қайта құру және тарату тәртібі туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 маусымдағы N 637 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 25, 272-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 25 ақпандағы

N 300 қаулысымен бекітілген

**Білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативі**

1. Білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативі Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік берген азаматтардың тегін орта білім алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында белгіленді.

2. Әрбір ауылдық елді мекенде:

1) төменгі мектеп жасындағы оқушылардың саны 5 және одан көп болғанда, жалпы білім беретін мемлекеттік оқу орнының бастауыш сатысының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

2) төменгі және орта мектеп жасындағы оқушылардың саны 41 және одан көп болғанда, жалпы білім беретін мемлекеттік оқу орнының бастауыш және негізгі сатыларының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

3) төменгі, орта және жоғары мектеп жасындағы оқушылардың саны 81 және одан көп болғанда, жалпы білім беретін мемлекеттік орта оқу орнының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

3. Қалалық жерде тұрғындардың тегін орта білім алуға сұранымын қанағаттандыру үшін 1999 жылдың 1 қыркүйегінде болған мемлекеттік жалпы білім беру оқу орындары желісінің жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

4. Оқуға және мектептің жанындағы интернатта тұруға мұқтаж оқушылардың саны 10 және одан көп болуы шартымен, мемлекеттік мектептің жанындағы интернаттардың жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

5. Оқуға және мектеп-интернатта тұруға мұқтаж оқушылардың контингенті 150 және одан көп болған жағдайда ашылатын, мемлекеттік жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

6. Әрбір облыста:

мемлекеттік санаториялық мектеп-интернаттардың;

мемлекеттік арнаулы түзету білім беру ұйымдарының;

девианттық мінез-құлықты балаларға арналған арнаулы мемлекеттік мектеп-интернаттардың жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

7. 2-тармақта көрсетілген норматив, білім беру ұйымдары мектеп жасындағы оқушылар тұрақты тұратын елді мекендерден 3 километрден астам қашықтықта болған кезде белгіленеді.

Елді мекендердің арасында табиғи кедергілер (өзендер, көлдер және т.б.) болған жағдайда мұндай білім ұйымдары бір-бірінен аз арақашықтық жағдайында да құрылуы мүмкін.